

ЖББ.Алмалы орта мектебінің бастауыш сыныптар
бойынша 2021- 2022 оқу жылындағы
атқарылған жұмыстарынан

Хабарлама

2021-2022 оқу жылының 1-тоқсанын мектептің бастауыш сынып мұғалімдері санитарлық - эпидемиологиялық жағдайға сәйкес штаттық режимді сақтай отырып дәстүрлі оқуды бастады. Бірінші тоқсанның қортындысы бойынша бастауыш сыныптар бойынша **382** оқушымен аяқтап, олардың 2,3,4 сыныптар бойынша **54** оқушысы оқу озаты, **103** оқушысы оқу екпіндісі болып, **58,3** пайыз сапа көрсеткішпен аяқтап отырмыз .Бұл өткен оқу жылымен салыстырып қарағанда **1,5** пайызға жоғарлады.

Бастауыш сыныптарда 18 мұғалім сабақ береді олардың 17 мұғалімі жоғары, 1 мұғалім арнаулы орта білімді. 2 мұғалім жоғары санатта, педагог-зерттеуші 1,педагог-сарапшы 3,педагог-модератор 6, 2-ші санаттағы мұғалім -4, санаты жоқ 3 мұғалім еңбек етуде.

2021-2022 оқу жылы Бастауыш сыныптарда жаңаша оқыту даралап-саралап оқыту технологиясына негізделеді. Өйткені жаңаша оқыту оқушының жеке мүмкіндігіне қарай жұмыс істеуіне, мақсат қою, оны жоспарлау, ұйымдастыра білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауға үйретеді. Осындай нәтижеге жету үшін сабақ мазмұнының түрлерін, оқытудың амал-тәсілдерін түгелдей өзгерту қажет етеді. Сондықтан сабақ процесінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілі, деңгейлеп-саралап оқыту педагогикалық технологиясын таңдап алынды.

2021-2022 жаңа оқу жылына бастауыш сынып бірлестігі бойынша жұмыс жоспары құрылып,бірлестік отырысында талқыланып,бекітілді.Бірлестік отырысында 2021-2022 оқу жылындағы білім алушылардың өткен оқу жылындағы біліміндегі олқылықтардың орнын анықтау және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету мақсатында әр бір сынып бойынша жұмыс жоспары жасақталып,үлгерімі төмен оқушылармен жекелеген пәндер бойынша сабақ кестелері құрылып, жұмыс жүргізілуде.

Оқу жылының басында 2-4- сынып білім алушыларының оқу техникалары тексеріліп, мониторинг жасалып,есепке алынды. Бұл өткен оқу жылымен салыстырмалы түрде сараланып, 2-4 сыныптар арасында білім алушылардың оқу техникасы деңгейден жоғары,деңгейге сай және деңгейден төмен оқушыларды есепке алынды. Атап айтсақ 2 сыныптар бойынша жоғарғы деңгей 19 оқушы,деңгейге сай 30 оқушы,деңгейден төмен 24 оқушы,3-сыныптар бойынша

деңгейден жоғары 45 оқушы, деңгейге сай 33 оқушы, деңгейден төмен 28 оқушы, 4-сыныптар бойынша жоғары деңгей 17 оқушы, деңгейге сай 46 оқушы, деңгейден төмен 24 оқушы оқу дәрежесін көрсетті. Мұғалімдерге алдағы уақытта білім алушылардың мәнерлеп оқуын тиісті деңгейге жеткізуде тиісті оқу іс-шараларын қолға алу ұсынылды.

Оқу тәрбие үрдісінің деңгейін көтеру жаңашылдық үрдісін қалыптастыру ұжым алдындағы міндеті болды. 2021-2022 жаңа оқу жылында оқу жылдың бірінші тоқсанында жоспар бойынша бастауыш сынып мұғалімдері тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар өткізді. 8-қазан күні 2 «а» сыныбында Қабдулова Рахиланың математика пәнінен «100 көлеміндегі сандарды ауызша қосу және азайту» тақырыбында сабаққа қатысып білім алушылардың сабаққа ынтасының жақсы екенін байқадық. Екінші сынып оқушылары мектеп ережесіне үйреніп, қалыптасып қалғанын көруге болады.

9-қазан күні 2 «Б» сыныбында Қойшыбаева Гүлнардың математикадан «100 көлеміндегі сандарды ауызша қосу және азайту» тақырыбында сабағында білім алушыларды екі таңбалы сандарды тура және кері санауға, ондықтарды санауға және салыстыруға, ондықтан аттап ауызша қосу және азайту тәсілдері үйретілді. 27-қазан күні 1 «Г» сынып мұғалімі Тілекбай Алмагүлдің әліппе пәнінен «Б дыбысы мен әріпі» тақырыбына ашық сабақ өткізді, білім алушыларға әріпттер әлеміне саяхат жасап, оның ішінде Б б дыбысы мен әріпінің айтылуы мен жазылу ережелері жан-жақты түсіндіріліп, дыбыстардан буын, сөз, сөйлемдер құрауды әр түрлі тәсілдер мен ойындармен құрауды меңгертті. Жұптық, топтық жұмыстар жүргізілді. Білім алушылар сабаққа қызығушылық танытып, белсенді қатысты.

27-і қазан күні 1 «Ә» сынып мұғалімі Жағыпарова Құндыз Ұлы ағартушы ұстаз Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Кел, балалар оқылық» тақырыбында ашық тәрбие шарасын өткізді. Тәрбие шараның мақсаты білім алушыларға Ы.Алтынсариннің өмірімен таныстырып, шығармаларын мәнерлеп оқуға машақтандыру. Ұлы тұлғаның өмір жолы мен еңбегін үлгі етіп, білім алушыларды халқына адал қызмет етуге баулу. Тәрбиелік шара өз мақсатына жетті деген баға берілді. Осынадй жан-жақты тәрбие беруде бастауыш сынып ұстаздары көптеген еңбектер атқаруда.

2021-2022 оқу жылының 4-тоқсанын аяқтағалы отырмыз. Үшінші тоқсанның қортындысы бойынша бастауыш сыныптар бойынша **389** оқушымен аяқтап, олардың 2,3,4 сыныптар бойынша барлығы 275 оқушы, оның **72-сі** оқу озаты, **97** оқушысы оқу екпіндісі болып, **61,4** пайыз сапа көрсеткішпен аяқтап отырмыз. Бұл өткен тоқсанмен салыстырып қарағанда +3 пайызға жоғарлады.

2021-2022 жаңа оқу жылдың 3,4- тоқсан бойынша бастауыш сынып бірлестігі бойынша құрылған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілді. 14-25-ақпан аралығында бекітілген жоспарға сәйкес «Мәңгілік елдің болашағымыз!» тақырыбында бастауыш сыныптар апталығы өтті. Апталықтың мақсаты Жаңа инновациялық технологияларды іс-тәжірибеде қолдану. Оқушылардың белсенділігі мен ізденімпаздығын арттыру. Осы мақсатта мектепте көптеген іс-шаралар, ашық сабақтар өтті. Атап айтсақ 1- «а» сыныбында Жәкеева Сәнжанның математика пәнінен «Әртүрлі есептер шығару» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу, есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау. Сабақ жоғары дәрежеде өтіп, жас мамандардың алары көп болды. 22-ақпан күні Мырзашева Сулуфан 4-в сыныбына әдебиеттік оқу пәнінен «Табиғатты зерттейміз» тақырыбына ашық сабақ берді. Сабаққа білім алушылар зор қызығушылықпен қатысып, «Өрмекші торы» әдісімен үй тапсырмасын бекітуде, «Бірік, ойлан, бөліс» әдісі бойынша жаңа сабақты топ болып талқылауда белсенділік танытты. Сабақ дәрежесінде өтіп деп баға берілді. Кабдулова Рахила әріптесіміз математика пәнінен «3 санын көбейту және бөлу кестесін құрастыру» тақырыбына ашық сабақ берді. Сабақ мақсаты бойынша білім алушылар 3 санының көбейту және бөлу кестесін құрып және қолдануды, бірдей қосылғыштардың сомасын табуға, мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдап шығаруға, кері есептер құрып және шығаруға білім -біліктерін арттырды. Әр тапсырмаға дескриптор құрылып, бағалау критеріесі арқылы білім алушылар өзі-өздерін бағалады. 23-ақпан күні 2-«в» сынып жетекшісі Қойшыбаева Гүлнар әріптесіміз қазақ тілі пәнінен «Түбір мен қосымша» тақырыбына ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау мақсатына сай түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жаттығулар орындалды. Гүлнар әріптесіміз білім алушылардың өте сабырлы қасиетімен жауаптарын тыңдап, білім алушылардың ойландырған сұрақтарына көмектесіп, білім алушылардың бірін-бірі толықтырып отыруға жағдай жасап отырды. Сабақта пайдаланған көрнекіліктері өте тамаша, жоғары деңгейде жасақталу арқасында білім алушылар тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, сабаққа белсене қатысты. Осы ұстаздарымыздан жас мамандардың алары көп болды деген ойдамыз. Апталықта бастауыш сынып білім алушылары көптеген шараларға өте қызығушылықпен қатысып, өз білімдері мен өнерлерін ортаға салып, белсенділік танытты. Апта соңында белсенділік танытқан білім алушылармызды мектеп директоры Ахметова Айгүл Мақсотқызы марапаттады.

2021-2022 оқу жылындағы білім алушылардың өткен оқу жылындағы біліміндегі олқылықтардың орнын анықтау және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету мақсатында әр

бір сынып бойынша жұмыстар жалғасын тауып,кестеге сәйкес қосымша сабақтар берілді.Білім нәтижелері қортындыланып,мариторингтер жаслды.



4-тоқсан соңында 2-4-сыныптарда өз уақытында БЖБ және ТЖБ жұмыстары жүргізіп,бақылауға алынды,оқушылардың оқу техникасы тексеріліп маниторинг құрылады. Бұл өткен оқу жылымен салыстырмалы түрде сараланып, 2-4 сыныптар арасында білім алушылардың оқу техникасы деңгейден жоғары,деңгейге сай және деңгейден төмен оқушыларды есепке алынады.

Оқу тәрбие үрдісінің деңгейін көтеру жаңашылдық үрдісін қалыптастыру ұжым алдындағы міндеті болды. Осынадай жан-жақты тәрбие беруде бастауыш сынып ұстаздары көптеген еңбектер атқаруда.Ұлттық салт-дәстірімізді,ұлттық ойындарды дәріптеу мақсатында наурыз мерекесін тойлау кезінде көрніс тапты. Наурыз

мерекесін бастауыш сыныптар бойынша бекітілген сынып сағаттарында еліміздің өткеніне, бүгініне, ертеңіне көз жіберіп шолу жасау. Өз еліміздің тілін, тарихын, салт – дәстүрін, әдебиетін қадір тұтып, құрметтеу. Қазақ елімізді әлемдік деңгейге жеткізу – біздің қолымызда екенін айтып түсіндіру. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Еліне, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сонымен қатар бастауыш сыныптар бойынша ғарышкерлер күні, құстар күні сыныптар арасында аталып өтті.

